

Алматы облыстық Мәслихатының 2004 жылғы 3 маусымдағы "Алматы облысында 2005-2007 жылдары тұрғын үй құрылысын дамыту бағдарламасы туралы" N 6-46 шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы облыстық Мәслихатының 2005 жылғы 16 наурыздағы N 15-108 шешімі. Алматы облыстық Әділет басқармасында 2005 жылғы 13 сәуірде N 1934 тіркелген. Күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 16-105 шешімімен

Ескерту. Шешімнің күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 16-105 шешімімен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауын және Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілері туралы" Заңына сәйкес Алматы облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Алматы облыстық мәслихатының 2004 жылғы 3 маусымдағы "Алматы облысында 2005-2007 жылдары тұрғын үй құрылысын дамыту бағдарламасы туралы" N 6-46 шешіміне (2004 жылы 17 шілде тіркеу N 1677, 2004 жылғы 20 шілдедегі N 84 "Жетісу" газеті және Алматы облыстық мәслихатының 2004 жылғы 21 желтоқсандағы N 13-87 шешіміне өзгертулер енгізілген 2004 жылғы 27 шілдедегі N 87 "Огни Алатау" газеті) төмендегі толықтырулар енгізілсін:

5 тарауындағы 2 тармақтың 10 абзацындағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" деген сөздері төмендегідей толықтырылсын:

Тұрғын үй құрылысын дамыту бағдарламасы бойынша облыстық сәулет, қала құрылысы және құрылыс басқармасы белгіленген тәртіппен құрылыс жүріп жатқан объектілерден 2005-2007 жылдардың жазғы кезендерінде студенттік құрылыс отрядтарына жұмыс көлемін ұйымдастыруға ықпал етсін.

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т

сессиясының Төрағасы

М.Тазабеков

Облыстық мәслихаттың хатшысы

А.Сыдық